

"Реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 748 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2022 жылғы 19 сәуірдегі № 36 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 сәуірде № 27652 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 748 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 26 желтоқсанда № 12517 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы келесі редакцияда жазылсын:

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану қағидаларын бекіту туралы";

кіріспесі келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 85-бабының 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"1. Қоса беріліп отырған реттеушілік әсерді талдауды және (немесе) талаптарды жүргізу және пайдалану Қағидалары бекітілсін.";

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Кәсіпкерлікті дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне бұйрықтың осы тармағының 1) және 2) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оны алғашқы ресми жариялағаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.*

Т. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің м.а.
2022 жылғы 19 сәуірдегі
№ 36 Бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 30 қарашадағы
№ 748 бұйрығымен
бекітілген

Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелері

1. Осы Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 85-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және реттеушілік әсерге талдау жүргізу және енгізілетін және қолданыстағы реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) әзірлеуші-орган – өз құзыретіне сәйкес нормативтік құқықтық актілерді әзірлейтін және осы Қағидаларға сәйкес реттеушілік әсерге талдау жүргізуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган;

2) кәсіпкерлік басқармасы – кәсіпкерлік саласында басшылықты жүзеге асыратын облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы;

3) қоғамдық талқылаулар – реттеу субъектілерінің және өзге мүдделі тұлғалардың қолданыстағы реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарау, қолданыстағы реттеуді қатандату, қолданыстағы реттегіш құралдарды қайта қарау мәселелері бойынша шешім қабылдау процесіне қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін, процесс барысында реттеу субъектілерімен кері байланыс болатын, олардың пікірлері, ескертулері, сұрақтары мен ұсыныстары алынатын іс-шаралар;

4) мүдделі тұлғалар – енгізілетін немесе қолданыстағы реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізуге байланысты құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын жеке және заңды тұлғалар;

5) өңірлік кәсіпкерлер палатасы – Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының жүйесіне аумақтық деңгейде кіретін облыс, республикалық маңызы бар қала және астана кәсіпкерлерінің палатасы (бұдан әрі – Өңірлік палата);

6) өңірлік маңызы бар актілер – Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттары және жергілікті өкілдік және атқарушы органдар, оның ішінде тиісті аумақтың әкімі қабылдаған нормативтік құқықтық актілер;

7) реттеуші мемлекеттік орган – кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеу жүзеге асырылатын жекелеген салада немесе мемлекеттік басқару аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

8) реттегіш құрал – Кодекстің 81-бабында көзделген кәсіпкерлік субъектілерімен орындалуға міндетті талаптарды қамтамасыз ету құралдары;

9) реттеу субъектілері – реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды көздейтін немесе реттеуді қатаңдататын нормативтік құқықтық актілердің қолданылуы таралатын субъектілер, оның ішінде кәсіпкерлік субъектілері мен өзге тұлғалар;

10) реттегіш актіні және (немесе) талапты қайта қарау – реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізгеннен кейін, оның ішінде, бұрын реттеушілік әсерге талдау жүргізілмеген қолданыстағы реттегіш құралдар және (немесе) талаптар бойынша реттеушілік әсерге талдау жүргізу арқылы қол жеткізілген мемлекеттік реттеу мақсаттарының тиімділігін салыстырудың талдамалық рәсімі;

11) талап-кәсіпкерлік субъектілерімен орындауға міндетті сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштердің жиынтығы;

12) реттегіш акт - қолданыстағы нормативтік құқықтық акт, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілерінің орындауы үшін міндетті, кәсіпкерлік саласындағы міндетті талаптар тізіліміне енгізілген талаптарды қамтитын өзге де құжат.

3. Реттеушілік әсерді талдауға Кодекстің 82-бабы 2-тармағының екінші бөлімінде көзделген жағдайларды қоспағанда, реттегіш құралды және (немесе) талапты және онымен байланысты талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату көзделетін Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының жобалары, Қазақстан Республикасы заңдары жобаларының тұжырымдамалары, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобалары, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінің жобалары жатады.

Қазақстан Республикасы заң жобаларының тұжырымдамалары Заң жобалау қызметі мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның қарауына шығарылғанға дейін реттеушілік әсерді талдаудан өтеді.

Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа реттегіш құрал және (немесе) талап енгізілген немесе реттеу қатаңдатылған кезде реттеушілік әсерге талдау жүргізу туралы талаптар Қазақстан Республикасы Президентінің және Парламенті депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген заң жобаларына да, сондай-ақ заң жобаларын Қазақстан Республикасының Парламентінде қарау процесіне де қолданылмайды.

Парламент депутаттарының заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентінде қаралып жатқан заң жобаларына депутаттардың түзетулері бойынша Кодекстің 82-бабымен белгіленген негіздер бойынша реттеушілік әсерге талдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысы шеңберінде жүргізілуі мүмкін.

4. Жаңа реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізу немесе кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Кәсіпкерлік қызметті реттеу мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның мақұлдауынан кейін ғана жүзеге асырылады (бұдан әрі – Ведомствоаралық комиссия).

Осы тармақтың бірінші бөлігінің талаптары қаржы ұйымдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент – банктер филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары филиалдарының, Қазақстан Республикасының бейрезидент – сақтандыру брокерлері филиалдарының және сақтандыру топтары мен банк конгломератары құрамына кіретін тұлғалардың қызметін реттеуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына қолданылмайды.

Бұл ретте, өңірлік маңызы бар актілермен енгізілген жаңа реттегіш құралдар және (немесе) талаптар немесе реттеуді қатаңдату "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылатын облыс, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың әкімдігі жанындағы ведомствоаралық сипаттағы мәселелер бойынша консультативтік-кеңесші органның мақұлдауынан кейін ғана жүзеге асырылады (бұдан әрі – Өңірлік комиссия).

2-тарау. Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану тәртібі

1-параграф. Реттеушілік әсерді талдауды жүргізудің жалпы шарттары

5. Реттеушілік әсерді талдауды мемлекеттік органдар/әзірлеуші органдар реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізу, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдату, сондай-ақ реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарау кезінде жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорытындысын беру өтінішімен Парламент Палаталарынан келіп түскен Қазақстан Республикасының заң жобаларында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату туралы талаптар болған кезде, жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізуді немесе реттеуді қатаңдатуды көздейтін реттеушілік әсерге талдауды мемлекеттік басқару саласында немесе аясында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган жүргізеді.

Осы қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың жобаларында оларды басқару басқа мемлекеттік органның құзыретіне жататын жаңа реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізуді немесе аяда немесе салада реттеуді қатаңдатуды көздейтін нормалар болған жағдайда, реттеуші мемлекеттік орган құжаттардың жобаларын әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның сұратуы бойынша мұндай реттегіш құралдар және (немесе) талаптар бойынша реттеушілік әсерге талдау жүргізеді.

Реттеушілік әсерді талдаудың тұжырымдарымен келіспеген кезде, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган/кәсіпкерлік басқармасы (бұдан әрі – уәкілетті орган) немесе басқа мүдделі тұлғалар балама ретінде реттеушілік әсерге талдау жүргізеді.

6. Реттеушілік әсерді талдау рәсімі мынадай кезеңдерді:

1) реттеушілік әсерді талдауды жүргізуді;

2) осы Қағидалардың 2-тарауының 4-параграфына сәйкес реттеушілік әсерді талдау нәтижелеріне қоғамдық талқылау жүргізуді;

3) реттеушілік әсерді талдауды қарау және осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес уәкілетті органның реттеушілік әсеріне талдау жүргізу рәсімдерін сақтау туралы қорытынды беру;

4) осы Қағидалардың 2-тарауының 6-параграфына сәйкес реттеушілік әсерді талдаудың тұжырымдарымен келіспеген жағдайда балама ретінде реттеушілік әсерге талдау жүргізуді;

5) осы Қағидалардың 2-тарауының 7-параграфына сәйкес Ведомствоаралық комиссияның немесе өңірлік маңызы бар актілер бойынша Өңірлік комиссияның реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарауын қамтиды.

7. Реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган уәкілетті органның мекенжайына мынадай құжаттарды жолдайды:

1) реттеушілік әсерді талдау нәтижелері:

құқықтық акт жобасы бойынша жалпы ақпаратты;

реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалауды;

реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысанды қамтиды;

2) жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату үшін осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құқықтық актінің, сондай-ақ құжаттардың жобасы;

3) ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталынан (бұдан әрі – "Ашық НҚА" порталы) жүктеуді және қоғамдық талқылаулардың хаттамасын қоса бере отырып, қоғамдық талқылаулардың қазақ және орыс тілдеріндегі есебі.

2-параграф. Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және реттеуді қатаңдату туралы реттеушілік әсерге талдау жүргізу

8. Енгізілетін реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды, кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты реттеуді қатаңдатуды реттеуші мемлекеттік органдар/әзірлеуші органдар мына іс-қимылдарды рет-ретімен орындау арқылы жүргізеді:

1) шешу қажет проблеманы айқындау;

2) осы Қағидалардың 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құқықтық актінің жобасы бойынша жалпы ақпаратты толтыру;

3) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалауды толтыру;

4) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және реттеуді қатаңдату кезіндегі реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысанын (бұдан әрі – талдамалық нысан) толтыру;

5) жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату үшін осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың жобаларын әзірлеу;

6) осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес реттеушілік әсерді талдау нәтижелеріне қоғамдық талқылау жүргізу;

7) қоғамдық талқылау нәтижелері бойынша талдамалық нысанды және (немесе) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың жобаларын пысықтау және оларды, қазақ және орыс тілдерінде, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылау есебін уәкілетті органға жіберу;

8) осы Қағидалардың 6-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүргізу.

9. Реттегіш құралдар және (немесе) талаптар Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері орындауға міндетті реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкес келмеген жағдайда, енгізілетін реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың немесе реттеуді қатаңдатуының талдамалық нысанын толтыру орынды емес деп танылады.

10. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты жаңа талапты енгізу немесе реттеуді қатаңдату Кодекстің 82-бабының 2-тармағына сәйкес кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің сол саласындағы екі талаптың күшін жоюды көздейді.

3-параграф. Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарау

11. Алдағы жылға арналған республикалық маңызы бар реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарау жоспары осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады, жыл сайын 20 желтоқсанға дейін бекітіледі және мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

Кодекстің 83-бабы 2-тармағының үшінші бөлігіне сәйкес реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды өңірлік маңызы бар қайта қарау жоспарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары бекітеді және кәсіпкерлік басқармасының интернет-ресурсында орналастырылады.

12. Қайта қарау тәртібімен реттеушілік әсерге талдау жүргізу тәртібі қолданыстағы реттегіш құралдарға қатысты жүргізіледі.

13. Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарауды мемлекеттік орган мынадай дәйекті іс-қимылдарды орындау арқылы жүргізеді:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалауды толтыру;

2) мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді және тиімділікті бағалау;

3) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес қайта қарау тәртібімен реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қамтитын реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру;

4) осы Қағидалардың 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүргізу;

5) құқықтық актінің талдамалық нысанын және (немесе) жобасын қоғамдық талқылаулардың нәтижелері бойынша пысықтау, сондай-ақ осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулардың есебін қалыптастыру және оларды қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жіберу;

6) осы Қағидалардың 6-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларына сәйкес реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүргізу.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағының 2) тармақшасында белгіленген өлшемшарт бойынша реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қабылдау кезінде мәлімделген мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді және тиімділікті бағалау, сондай-ақ реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеу субъектілеріне нақты әсер етуінің салдарын да ескеру тұрғысынан талдау жүргізіледі.

15. Қолданыстағы реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың тиімсіз өлшемшарттары:

1) әр түрлі талаптар және (немесе) рәсімдер;

2) заңнама талаптарына сәйкес келмейтін талаптар және (немесе) рәсімдер;

3) реттеуші мемлекеттік органдар/әзірлеуші органдар іс жүзінде қолданбайтын, талап етілмейтін талаптар және (немесе) рәсімдер;

4) белгілі бір салада, аяда заңнамада белгіленген реттеу мақсаттарына, оның ішінде қызметті жүзеге асыру қауіпсіздігінің талаптарына, сондай-ақ көрсетілетін қызметтің қауіпсіздігі мен сапасына қойылатын талаптарға сәйкес келмейтін талаптар және (немесе) рәсімдер;

5) әртүрлі мемлекеттік органдардың, әртүрлі ұйымдардың, оның ішінде халықаралық ұйымдар мен өзге де тұлғалардың өкілеттігі шеңберінде қайталанатын талаптар және (немесе) рәсімдер;

6) заңнамада белгіленген реттеу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етпейтін, оның ішінде формалды сипаты бар талаптар;

7) оларға қатысты қажеттігі анықталған және қолданыстағы реттеумен салыстырғанда, неғұрлым тиімді реттеу нұсқасын ауыстыруға мүмкін болатын талаптар;

8) реттеу субъектілеріне қатысты қолданылатын, құқық бұзушылық сипатына, оның ішінде келтірілген немесе жол берілмеген зиянды салдарлардың ауырлығына, келтірілген, өз еркімен өтелген немесе жойылған зиян мөлшеріне немесе өзге де жағдайларға сәйкес емес әсер ету шаралары болып табылады.

16. Реттегіш құралдарға және (немесе) талаптарға мерзімді және толық қайта қарауды жүзеге асыру үшін реттеуші мемлекеттік органдар/әзірлеуші органдар реттеуші мемлекеттік органдардың/әзірлеуші органдардың қолданыстағы реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қарау жоспарларын (бұдан әрі – қайта қарау жоспарлары), оның ішінде уәкілетті органның және "Атамекен" Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі – Ұлттық кәсіпкерлер палатасы) негізделген ұсыныстарын ескере отырып жыл сайын әзірлейді және бекітеді.

17. Егер реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша қолданыстағы реттегіш құралды және (немесе) талапты жаңасына ауыстыру немесе реттеуді қатаңдату көзделсе, онда реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган осы Қағидалардың 2-параграфына сәйкес реттегіш құралға және (немесе) реттегіш құралды енгізуге қойылатын талапқа және (немесе) талапқа немесе реттеуді қатаңдатуға талдау жүргізеді

4-параграф. Реттеушілік әсерді талдау нәтижелеріне қоғамдық талқылау жүргізу

18. Реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қоғамдық талқылау:

1) дөңгелек үстелдер, конференциялар, кеңестер арқылы қоғам өкілдерімен және мүдделі тұлғалармен;

2) "Ашық НҚА" порталында "on-line" режимінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде талқылау арқылы жүзеге асырылады.

19. Қоғамдық талқылаулардың қорытындысы бойынша:

1) дөңгелек үстелдер, конференциялар, кеңестер және басқалар арқылы жұртшылық өкілдері мен мүдделі тұлғалардың түсініктемелерімен, ескертулерімен және ұсыныстарымен бірге реттеуші мемлекеттік органның/әзірлеуші органның лауазымды тұлғасы хаттама қалыптастырады;

2) "Ашық НҚА" порталында "on-line" талқылау қорытындылары туралы есеп қалыптастырылады, ол реттеуші мемлекеттік органның/әзірлеуші органның және (немесе) мүдделі тұлғаның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

Қоғамдық талқылаулар белгіленген уақытта өткізіледі және олардың нәтижелерін реттеуші мемлекеттік органның/әзірлеуші органның лауазымды адамы хаттамалайды.

"Ашық НҚА" порталында "on-line" режимінде талқылау арқылы қоғамдық талқылаулар өткізу жөніндегі талаптар балама тәртібінде реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша қоғамдық талқылаулар жүргізуге қолданылмайды.

20. Қоғамдық талқылаулар жүргізу үшін реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган кемінде 10 (он) жұмыс күні бұрын, ал Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған немесе Қазақстан Республикасының Парламентінің қарауында жатқан Парламент Палаталарынан келіп түскен Қазақстан Республикасының заң жобалары бойынша оларды өткізу күніне дейін кемінде 2 (екі) жұмыс күні бұрын олардың өткізілетін күні мен аяқталу уақыты туралы:

мүдделі тұлғаларды – өзінің ресми интернет-ресурсында хабарландыру беру арқылы;

уәкілетті орган, Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы / Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, мемлекеттік органдардың жанындағы сараптамалық кеңестердің мүшелері; мүдделі мемлекеттік органдар – жазбаша хабарлама арқылы;

бұқаралық ақпарат құралдарын - баспасөз релизі арқылы хабардар етеді.

5-параграф. Реттеушілік әсерді талдау рәсімдерін сақтау туралы қорытынды қалыптастыру

21. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 7-тармағына сәйкес құжаттар келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын салыстырып тексереді.

Құжаттар топтамасы толық ұсынылмаған жағдайда уәкілетті орган хабарламаны реттеуші мемлекеттік органға/әзірлеуші органға жолдай отырып, қараусыз қалдырады.

22. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген талдамалық нысан және құжаттар жобалары түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған немесе Қазақстан Республикасының Парламентінде қаралып жатқан Қазақстан Республикасының заң жобалары бойынша 7 (жеті) жұмыс күні ішінде оларды рәсімдердің сақталуы, оның ішінде осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес реттеушілік әсерге талдау рәсімдерінің сақталуы және оларды дұрыс толтыру тұрғысынан қарайды.

Қарау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 7–қосымшаға сәйкес нысан бойынша реттеушілік әсерді талдау рәсімдерін сақтау туралы қорытынды (бұдан әрі-қорытынды) қалыптастырылады.

23. Уәкілетті орган оң қорытындыны, сондай-ақ реттеуші мемлекеттік органдар әзірлеген құжаттардың жобалары мен реттеуші мемлекеттік органның талдамалық нысанын "Ашық НҚА" порталына орналастырады.

Өңірлік маңызы бар актілер бойынша қорытындыны кәсіпкерлік басқармасы қалыптастырады. Кәсіпкерлік басқармасы әзірлеуші органның ресми интернет-ресурсында оң қорытындыны, сондай-ақ әзірлеуші әзірлеген өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын, әзірлеуші-органның талдамалық нысанын орналастырады және оларды "Ашық НҚА" порталына орналастыру үшін уәкілетті органға жібереді.

24. Уәкілетті орган "Ашық НҚА" порталында оң қорытындыны орналастырумен бір уақытта, бұл туралы реттеуші мемлекеттік органға және Ұлттық кәсіпкерлер палатасына мәлімет үшін тиісті орналастыру туралы хабарлама жібереді.

Кәсіпкерлік басқармасы өңірлік маңызы бар актілер бойынша оң қорытындыны, сондай-ақ әзірлеуші әзірлеген өңірлік маңызы бар актілердің жобаларын, әзірлеушінің талдамалық нысанын әзірлеуші органның ресми интернет-ресурста орналастырады және әзірлеуші органға және Өңірлік кәсіпкерлер палатасына тиісті орналастыру туралы хабарлама жібереді.

Уәкілетті орган оң қорытындысында реттеушілік әсерді талдау мерзімін балама ретінде "Ашық НҚА" порталында жарияланған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні көрсетіледі.

Реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша талдамалық нысанды, балама тәртіппен және қоғамдық талқылаулардың есебін уәкілетті орган реттеуші мемлекеттік органның назарына жеткізеді, ал өңірлік маңызы бар актілер бойынша әзірлеуші органның назарына кәсіпкерлік басқармасы жеткізеді.

Реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде уәкілетті органға балама тәртіппен реттеушілік әсерді талдау қорытындыларымен келісу/келіспеу туралы жауап жібереді.

25. Теріс қорытынды болған жағдайда, реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың талдамалық нысанын және (немесе) жобаларын пысықтайды не ұсынылатын реттеуден бас тартады. Пысықталған құжаттар уәкілетті органға қазақ және орыс тілдерінде қайта ұсынылады және осы параграфқа сәйкес қаралады.

26. Реттеушілік әсерді талдау қорытындыларымен келіспеген кезде реттеушілік әсерді талдауды кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган немесе басқа да мүдделі тұлғалар балама тәртіппен жүргізеді.

6-параграф. Балама тәртіппен реттеушілік әсерге талдау жүргізу

27. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе өзге мүдделі адамдар реттеуші мемлекеттік органдар жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың тұжырымдарымен келіспеген кезде, "Ашық НҚА" порталында кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы жарияланғаннан кейін, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган оң қорытындыда айқындаған мерзімдерде, балама ретінде реттеушілік әсерге талдау жүргізеді.

Өңірлік кәсіпкерлер палатасы немесе өзге мүдделі адамдар әзірлеуші-органның өңірлік маңызы бар актілер бойынша жүргізген реттеушілік әсерді талдаудың тұжырымдарымен келіспеген кезде, кәсіпкерлік басқармасынан оң қорытындысын, кәсіпкерлік басқармасының оң қорытындысында айқындалған мерзімдерде балама ретінде реттеушілік әсерге талдау жүргізеді.

28. Балама ретінде реттеушілік әсерді баламалы талдау мынадай:

1) осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалау жөніндегі нысанды толтыру;

2) осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және реттеуді қатаңдату кезінде реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысанын/ реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысанын толтыру;

3) жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және (немесе) реттеуді қатаңдату үшін осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құқықтық актілердің және құжаттардың жобаларын әзірлеу;

4) уәкілетті орган реттеушілік әсерді талдауды балама тәртіппен жүргізген жағдайларды қоспағанда, реттеушілік әсерді талдау нәтижелері бойынша талдамалық нысанды қазақ және орыс тілдерінде уәкілетті органға жіберу кезеңдерін қамтиды.

Балама ретінде реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелері бойынша талдамалық нысанды уәкілетті орган реттеуші мемлекеттік органның назарына жеткізеді, ал өңірлік маңызы бар актілер бойынша – кәсіпкерлік басқармасы әзірлеуші-органның назарына жеткізеді.

29. Реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган реттеушілік әсерді баламалы талдаудың нәтижелерін "Ашық НҚА" порталында орналастырады.

Балама ретінде реттеушілік әсерді талдаудың нәтижелерімен келіскен жағдайда, реттеуші мемлекеттік орган/әзірлеуші орган талдамалық нысанды және (немесе) осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құқықтық актілердің және құжаттардың жобаларын пысықтайды және оларды уәкілетті органға қайта ұсынады, олар осы Қағидалардың 2-тарауының 5-параграфына сәйкес қаралады.

7-параграф. Ведомствоаралық комиссияның немесе Өңірлік комиссияның реттеушілік әсерді талдау нәтижелерін қарауы

30. Реттеушілік әсерді талдаудың рәсімдерін сақтау туралы оң қорытынды алынған жағдайда оны уәкілетті орган Ведомствоаралық комиссияның қарауына шығарады.

Өңірлік маңызы бар актілер бойынша реттеушілік әсерді талдауды қарау нәтижелерін кәсіпкерлік басқармасы Өңірлік комиссияның қарауына шығарады.

31. Қараудың нәтижелері бойынша Ведомствоаралық комиссия/Өңірлік комиссия келесі шешімдердің бірін қабылдайды:

1) жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және реттеуді қатаңдату кезінде реттеушілік әсерді талдау үшін:

жаңа реттегіш құралды және (немесе) реттеуді қатаңдатуды енгізуді мақұлдау;

жаңа реттегіш құралды және (немесе) реттеуді қатаңдатуды енгізуден бас тарту;

жаңа реттегіш құралды және (немесе) реттеуді қатаңдатуды енгізуді пысықтауға жіберу;

2) реттегіш құралдарды қайта қарау тәртібімен реттеушілік әсерді талдау үшін:

қолданыстағы реттегіш құралды және (немесе) талаптарды сақтауды ұсыну;

қолданыстағы реттегіш құралды және (немесе) талаптарды алып тастауды ұсыну;

қолданыстағы реттегіш құралды және (немесе) талаптарды өзгертуді ұсыну.

32. Шешімдер хаттамамен ресімделеді, оның көшірмесі мен кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның/кәсіпкерлік басқармасының реттеуші мемлекеттік органдардың белгіленген рәсімдерді сақтауы туралы қорытындысы, сондай-ақ реттеушілік әсерді талдау нәтижелері олар бекітілгенге дейін осы Қағидалардың 3-тармағында көзделген құжаттардың жобаларына міндетті қосымша болып табылады.

Реттегіш құралдардың және
(немесе) талаптардың
реттеушілік әсерін талдауды
жүргізу және пайдалану
қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Құқықтық актінің жобасы бойынша жалпы ақпарат

Р.н. №	Атауы	Ескертпе
1.	Реттеуші мемлекеттік орган/ әзірлеуші орган құжатының жобасы	
2.	Құжат жобасының атауы (Қазақстан Республикасы Заңының атауы және баптары)	
3.	Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 81- бабының 2-тармағына және (немесе) талапқа сәйкес реттегіш құралдың және (немесе) талаптың атауы	

4.	Реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүзеге асыруға негіз болатын Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының атауы, нөмірі және тармақтары	
5.	Қажеттілік пен тәртіпті белгілейтін мемлекеттік органдар бұйрықтарының немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерінің атаулары мен нөмірлері	
6.	Міндетті талаптарды және/немесе реттегіш құралдарды қамтитын өзге құжаттың атауы мен нөмірі	
7.	Реттеу саласы	
8.	Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілетін қызмет саласы * міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген кезде толтырылады	
9.	Әзірлеуші орындаушының байланыс ақпараты	

Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалау

Р.н. №	Шарттың атауы	Шарттарға сәйкестікті бағалаудың сипаттамасы	Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың шарттарға сәйкестігін бағалау бойынша балдарды айқындау
1.	Негізділік		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
2.	Реттеу теңдігі		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "

3.	Ашықтық		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
4.	Орындалушылық		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
5.	Айқындық		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
6.	Шамаластық және ұтымдылық		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
7.	Жүйелілік және болжамдылық		0-2 "0" - "сәйкес келмейді" "1" - "ішінара сәйкес келеді" "2" - "толық сәйкес келеді" "
Реттеу мақсаттарына қол жеткізу деңгейі		<p>Толық қол жеткізілді _____</p> <p>Ішінара қол жеткізілді _____</p> <p>Қол жеткізілген жоқ _____</p> <p>* мәлімделген мақсаттарға қол жеткізілмеген жағдайда реттеуші реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану қағидаларына 3-қосымшаға сәйкес талдамалық нысанды толтырмайды.</p>	<p>Тиімділік балы:</p> <p>* максималды балл – 40</p> <p>* жеткіліктілік шегі – 30</p>

Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қалыптастыру шарттарына сәйкестікті бағалауды толтыру бойынша түсіндірме

Жаңа реттегіш құралды және (немесе) талапты таңдау кезінде енгізілетін реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың оларды қалыптастыру шарттарына сәйкестігін бағалау негізінде жүргізіледі:

1. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Негізділікке" сәйкестігін бағалау:

Анықтамалық: Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес

- "негізділік деп реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін, адамдардың өмірі мен денсаулығын, қоршаған ортаны, Қазақстан Республикасының қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігін қорғау мақсатында ғана енгізілуі түсініледі".

Реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарау кезінде мемлекеттік орган осы реттегіш құралды және (немесе) оны сақтаудың негізділігіне қойылатын міндетті талапты мынадай сұрақтарға жауап беру арқылы бағалайды:

1) қандай қызмет түрінің (процестің, іс-қимылдың) қауіпсіздігі реттегіш құралмен және (немесе) міндетті талаппен қамтамасыз етіледі?

2) осы реттегіш құрал және (немесе) талап қандай қауіпсіздікті қамтамасыз етеді?

3) 2-сұрақта көрсетілген қызмет түрінің (процестің, іс-қимылдың) қауіпсіздігін қамтамасыз ететін өзге де реттегіш құрал және (немесе) талап бар ма?

2. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Реттеу теңдігіне" сәйкестігін бағалау :

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

"кәсіпкерлік қызметті реттеудің теңдігі деп, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, осы реттеуді жүзеге асыру кезінде нарықтың жекелеген субъектілері үшін, оның ішінде квазимемлекеттік сектор субъектілері мен табиғи монополиялар субъектілері үшін неғұрлым тиімді құқықтық жағдайлар белгілеуге жол бермеу түсініледі".

Реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарау кезінде осы базалық шарттың орындалуын мемлекеттік орган мынадай сұрақтарға жауап беру арқылы бағалайды:

1) Осы реттегіш құрал және (немесе) талап қандай кәсіпкерлік субъектілеріне қолданылады?

2) Осы реттегіш құралды және (немесе) талапты қолдану бойынша ерекшеліктер бар ма? Осы ерекшеліктерді сипаттаңыз.

Егер екінші сұраққа жауап беру кезінде негіздеме ретінде заңнамалық тұрғыда бекітілген ерекшелік болған жағдайда, осы базалық шарт сақталған болып есептеледі.

3. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Ашықтыққа" сәйкестігін бағалау:

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

"ашықтық деп енгізілетін (өзгертілетін) реттегіш құралы және (немесе) оларды енгізу уәждерінің анықтығын талап ету туралы ақпараттың қолжетімділігі түсініледі".

Реттеуші мемлекеттік органмен қайта қаралатын реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Ашықтық" шартына сәйкестігі мынадай мәселелерді аша отырып айқындалады:

1) реттегіш құралды және (немесе) талаптарды жоспарланған енгізу (өзгерту) туралы ақпарат мемлекеттік органның ашық ақпараттық ресурстарында (сайт, әлеуметтік желілер) орналастырылды және танысу үшін қолжетімді бола ма.

2) реттегіш құралды және (немесе) міндетті талап – өткізу мерзімдерін, қатысушылар санын, негізгі ұстанымдарын енгізуге (өзгертуге, қайта қарауға) ниеттенген мемлекеттік органның бастамасы бойынша мүдделі кәсіпкерлік субъектілерімен, олардың қоғамдық құралымдарымен, өзге де мүдделі жеке және заңды тұлғалармен қоғамдық талқылаулар (қажет болған жағдайда – қоғамдық тыңдаулар) өткізілді ме?

Кәсіпкерлік субъектілерінің реттегіш құралды және (немесе) міндетті талапты енгізу(өзгерту, қайта қарау) жөніндегі бастамаға мақұлданған қатынасы кезінде көрсетілген сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі олардың базалық – ашықтық шартына сәйкестігін оң бағалауға негіз береді.

4. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Орындалуға" сәйкестігін бағалау":

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

- "орындалуы деп кәсіпкерлік субъектілерімен енгізілетін реттегіш құралдың және (немесе) талаптың шарттарын орындау мүмкіндігі түсініледі".

Кәсіпкерлік субъектілерімен қайта қаралатын реттегіш құралды және (немесе) талапты орындаудың тәжірибелік мүмкіндігін бағалау реттеуші мемлекеттік органмен келесі талдаудың жүргізілуін болжайды:

1) осыған ұқсас енгізілетін (өзгертілетін, қайта қаралатын) реттегіш құралды және (немесе) міндетті талапты іске асырудың халықаралық практикасының болуы.

2) кәсіпкерлік субъектісінің енгізілетін (өзгертілетін, қайта қаралатын) реттегіш құралды және (немесе) міндетті талапты (таңдау бойынша) орындау мүмкіндігін талдау:

өндіріс көлемі (қуаты)

кәсіпорын қызметкерлерінің саны

жылдық орташа кіріс

Осы талдауды баяндауды мемлекеттік орган еркін нысанда жүзеге асырады.

5. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Анықтыққа" сәйкестігін бағалау:

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

"реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды екі түрлі мағынада түсіндіруге жол бермейтін түсінікті, қолжетімді нысанда регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің нормаларын баяндау айқындық деп түсіндіріледі".

Оны тұжырымдау кезінде осы шартқа сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында қайта қаралатын реттегіш құрал және (немесе) талап мыналарға сәйкес келуі тиіс:

реттегіш құралдың және (немесе) талаптың әрекеті нақты реттелетін кәсіпкерлік субъектілеріне немесе олардың қызметіне (процесс, әрекет) бағытталған;

2) міндетті талаптың нақты сандық параметрі болады (қажет болған жағдайда).

3) Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың қосымша түсіндірмесі жоқ.

6. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Сәйкестікке және Ұтымдылыққа" сәйкестігін бағалау:

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

- "Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында қорғалатын құндылықтарға кәсіпкерлікті мемлекеттік тұрғыдан реттеудің әсер ету деңгейінің қолайсыз оқиғаларының туындау тәуекелінің дәрежесіне сәйкестігі сәйкестігі және ұтымдылығы деп түсіндіріледі".

Бұл шартты бағалау мемлекеттік органнан талдаумен бірге белгілі бір есептеу жүргізуді талап етеді:

1) Қайта қаралатын реттегіш құралдың және (немесе) талаптың орындалуын әкімшілендіруді есептеу:

$$C = EAK \setminus 365 \times T$$

EAK - Бақылау функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілердің салықтарын ескере отырып, жылдық еңбекақы қоры, млн. теңге;

T – бақылау іс-шараларының ұзақтығы, күнмен;

C – қайта қаралатын реттегіш құралды әкімшілендіруге арналған шығындар және (немесе) талаптар, млн. теңге;

2) Қайта қаралатын реттегіш құралға және (немесе) талапқа байланысты бизнесті сәйкес келтіруге арналған бизнес шығындарын есептеу:

$$Ш = M + (EAK \setminus 365 \times T)$$

M – сәйкестікке келтіру үшін материалдық шығындардың көлемі, млн. теңге;

EAK – қайта қаралатын реттегіш құралды және (немесе) талапты тікелей орындауға тартылатын қызметкерлердің салықтарын ескере отырып, еңбекке ақы төлеудің жылдық қоры, млн. теңге

T – реттегіш құралды және (немесе) талапты орындау мерзімі, күндермен;

3 – қайта қаралатын реттегіш құралды және (немесе) талапты орындауға байланысты шығындар, млн. теңге.

3) Қайта қаралатын реттегіш құралды және (немесе) талапты сақтамаудан келеңсіз салдардың туындауының болжамды есебі.

C – енгізілетін (қайта қаралатын) реттегіш құралды және (немесе) талапты орындау қажеттілігі қолданылатын кәсіпкерлік субъектілерінің саны, адам;

$$ЖА = A \times (C \setminus 100 \times П)$$

П – бұзушылардың пайызы (болжамды), пайызбен;

Ш – бұзушылық үшін айыппұл көлемі, теңге;

ГШ - Жылдық айыппұл сомасы, млн. теңге;

П – реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізуден мемлекеттің пайдасы, млн. теңге;

$$П = ЖА - С$$

4) Қайта қаралатын реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Ұтымдылыққа" сәйкестігін бағалау кезінде мемлекеттік орган мынадай сұрақтарға еркін нысанда жауап беруі тиіс:

1) Енгізілетін (өзгертілетін) реттегіш құрал және(немесе) кәсіпкерлік субъектісіне немесе оның қызметіне (процесіне, іс-әрекетіне) қатысты міндетті талап осындай енгізудің (өзгертудің) ауыртпалығын есепке ала ма?

2) Реттегіш құралды және (немесе) талапты талдау (қайта қарау) барысында жаңа(қолданыстағысын өзгерту) енгізбей, сондай-ақ оның күшін жоймай қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бола ма? Неліктен?

Егер мемлекеттік орган жоғарыда аталған сұрақтардың әрқайсысына еркін нысанда жауап берсе, осы шартты бағалау оң деп есептеледі.

Бұл ретте бірінші сұраққа жауап бере отырып, мемлекеттік орган дәлел ретінде халықаралық тәжірибені ұсынуы тиіс.

7. Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың "Реттілікке және Болжамдылыққа" сәйкестігін бағалау:

Анықтамалық: Кодекстің 81-1-бабының 2-тармағына сәйкес:

- "реттілігі мен болжамдығы деп енгізілетін және (немесе) қолданыстағы реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі түсіндіріледі".

В "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес осы жүйенің құжаттарына мыналар жатады:

- 1) Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы;
- 2) Жалпыұлттық басымдықтар;
- 3) Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспары, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы;
- 4) Елдің аумақтық даму жоспары;
- 5) саланы/аяны дамыту тұжырымдамасы, ұлттық жобалар;
- 6) мемлекеттік органдардың даму жоспарлары, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарлары, Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің және ұлттық компаниялардың даму жоспарлары.

Енгізілетін реттегіш құралдың және (немесе) талаптың сәйкестігін бағалау кезінде мемлекеттік орган мынадай сұрақтарға еркін нысанда жауап беруі тиіс:

1) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің қандай құжатында реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарау қажеттігі көзделген?

2) Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарауға тікелей нұсқау болмаған жағдайда, оларды қайта қарау қажеттілігін негіздейтін нормаларды қамтитын осы құжаттардың ережелерін көрсету қажет пе?

3) кәсіпкерлік субъектілеріне енгізілетін (өзгертілетін) реттегіш құралды және (немесе) талапты орындауға дайындалуға мүмкіндік беретін мерзімдер белгіленді ме? Көрсетілген сұрақтарға тікелей жауаптың болмауы енгізілетін (өзгертілетін, қайта қаралатын) реттегіш құралдың және(немесе) міндетті талаптың сәйкестігін теріс бағалау болып саналады.

Енгізілетін (өзгертілетін) реттегіш құралдардың және(немесе) талаптардың оларды қалыптастыру шарттарына сәйкестігін бағалау барысында болған кезде алынған бағалар – "сәйкес келмейді" немесе "ішінара сәйкес келеді" уәкілетті органға реттеушілік әсерді талдауға теріс қорытынды беруге негіз береді.

Реттегіш құралдардың және
(немесе) талаптардың
реттеушілік әсерін талдауды
жүргізу және пайдалану
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу және реттеуді қатаңдату кезінде реттеушілік әсерді талдаудың талдамалық нысаны

1-ҚАДАМ: Проблеманы анықтау және реттеу мақсаттары	
Проблеманы анықтау және проблеманың болу себептері (3 сөйлемнен аспайтын, еркін нысандағы мәтін, мақсатты топты және себеп-салдарлық байланысты көрсету қажет)	
Проблеманың болу фактісін дәлелдейтін және оның ауқымын көрсететін деректер бар ма (сандық өлшемде)	Жоқ ____ Иә ____ (оларды сипаттаңыз және олардың көлемін келтіріңіз)
Енгізілетін реттеудің мақсаты қандай	
2-ҚАДАМ: Реттегіш құралдарды/талаптарды анықтау	
Енгізуге ұсынылатын реттегіш құрал/талап	

Қолданыстағы реттегіш құрал/ талап	
Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеудің сол саласында қолданыстағы реттегіш құралдар шеңберінде алып тастауға ұсынылатын қолданыстағы талаптар*	
1. 2. * осы Қағидалардың 2-параграфының 10-тармағына сәйкес	

3-ҚАДАМ: Іске асыру механизмдері және ықтимал тәуекелдер

	Ықтимал тәуекелдер және күтпеген салдар	Іске асыру механизмі (әзірленетін жоба аясында көзделген іске асыру механизмдері сипатталады)
Ұсынылатын реттегіш құрал және (немесе) талаптар		1. Енгізу мерзімдері мен кезеңдері _____. 2. Қойылған индикаторларға қолжетімділікті реттеуді енгізуге және бағалауды жүзеге асыруға жауапты уәкілетті орган _____.

4-ҚАДАМ: Пайда мен шығыстарды салыстырмалы талдау

4.1. Жалпы қоғамға және халыққа әсері

Экономикалық жүйенің келесі элементтерін ескере отырып, жалпы алғанда, экономикалық жүйеге әсер еткен кезде әр реттегіш құралдың және (немесе) талаптың пайдасы мен шығындарының сипаттамасын еркін нысанда жүргізіңіз:

1. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне (экономикалықты қоса алғанда) әсері (халықтың табыстары мен шығыстары, өмір сүру ұзақтығы, кедейлік деңгейі және басқалары)

2. Экологияға әсері.

3. Тұтынушы таңдауының өзгеруі.

4. Бөлшек сауда бағаларының өзгеруі.

5. Басқасы

Болжанатын реттеудің салдарын еркін нысанда болжау қажет.

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1а нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз.

	Пайда	Шығасылар
Енгізуге ұсынылатын реттегіш құрал/талап		
Қолданыстағы реттегіш құрал/талап		
Жиыны		

4.2. Бизнеске әсері

Мыналарды міндетті түрде ескере отырып, еркін нысанда әр реттегіш құралдың пайдасы мен шығыстарының сипаттамасын және (немесе) оның бизнеске әсер етуі кезінде қойылатын талаптарын жүргізіңіз:

Кәсіпорындардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету, кәсіпорындардың кірістілігі мен тұрақтылығына, оның ішінде инновациялар мен дамуына әсер ету және басқалары.

Бұл ретте, мынадай көрсеткіштер (болжамды) бойынша есеп жүргізу қажет:

- өнімді өндіру көлемі;

- ресурстарға арналған шығындар;
- кәсіпорын қызметкерлерінің саны;
- жылдық орташа табыс;
- салықтық аударымдар;
- кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы;
- мемлекеттік сатып алудағы шағын және орта бизнестің үлесі;
- экспорт;
- басқа.

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1б нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз.

		Пайда	Шығасылар
Енгізуге ұсынылатын реттегіш құрал/ талап	Шағын бизнес субъектілері		
	Орта бизнес субъектілері		
	Ірі бизнес субъектілері		
Қолданыстағы реттегіш құрал/ талап	Шағын бизнес субъектілері		
	Орта бизнес субъектілері		
	Ірі бизнес субъектілері		
Жиыны			

4.3 Мемлекеттік билік органдарына және экономикалық жүйеге әсерін тигізу

Міндетті түрде мыналарды ескере отырып, әр реттегіш құралдың және (немесе) оның мемлекеттік билік органдарына және жалпы қоғамға әсер етуі кезіндегі талаптардың пайдасы мен шығыстарының сипаттамасын еркін нысанда жазып алыңыз:

1. Елдің бюджетіне әсерін ескере отырып (салық түсімдерінің өсуі).
2. Экономикалық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қоса алғанда, қылмысқа ықпалын ескере отырып.
3. Тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалуына, сондай-ақ халықаралық саудаға және халықаралық инвестициялық ағымдарға ықпалын ескере отырып.
4. Экономикалық өсуге арналған жалпы салдары.
5. Жұмыспен қамтуға, жұмыс орындарына әсері.
6. Басқасы.

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1а нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз.

		Пайда	Шығасылар
--	--	-------	-----------

Енгізуге ұсынылатын реттегіш құрал/талап		
Қолданыстағы реттегіш құрал/талап		
Жиыны		
5-ҚАДАМ: Бағалау және мониторинг индикаторлары		
"Проблеманың болу фактісін дәлелдейтін және оның ауқымын көрсететін деректер" 1-қадамының 2-тармағында көрсетілген деректерді ескере отырып, индикаторларды анықтаңыз	1-индикатор	
	2-индикатор	
	3-индикатор	
	4-индикатор	
Цифрлық өлшемде осы индикаторларды көрсетіңіз	1-индикатор	
	2-индикатор	
	3-индикатор	
	4-индикатор	
Мониторинг жүргізу әдістерін көрсетіңіз (мемлекеттік статистика немесе ведомстволық деректер базасында статистикалық талдау, әлеуметтік сауалнамалар, сараптамалық сұхбат.)	1-индикатор	
	2-индикатор	
	3-индикатор	
	4-индикатор	
Реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізуге ұсынылатын реттегіш актіні қайта қараудың ұсынылатын мерзімі		
6-ҚАДАМ: Өзін-өзі реттеуді енгізу		
* міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілген жағдайда толтырылады		
6.1 Өзін-өзі реттеудің оңтайлы құрылымын таңдау		
Қызметтің, саланың, экономикалық қызмет түрлерінің, өндірілген тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) нарығының ортақ қағидатын негізге ала отырып, міндетті өзін-өзі реттеу ұйымы (бұдан әрі – ӨРҰ) енгізілетін қызмет саласын таңдаудың негіздемесі.		
Өзін-өзі реттеуді жылдар бойынша соңғы 5 жылға бөле отырып, енгізу жоспарланған, жұмыс істеп тұрған кәсіби немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің саны.		
Өзін-өзі реттеуді жылдар бойынша соңғы 5 жылға бөле отырып, енгізу жоспарланған, жұмыс істеп тұрған кәсіби немесе кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің саны.		

<p>Міндетті ӨРҰ енгізілетін қызмет саласының ұштасуын, мемлекеттік функцияларды іске асырумен ұштасуын немесе мемлекеттік органдармен орындалатын белгілі бір функцияларды табыстаудың қажеттілігін негіздеу.</p>	
<p>Нарықтың міндетті өзін-өзі реттеуді енгізуге дайындығын талдау (еркін нысанда толтырылады).</p>	
<p>Өндірілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) қойылатын талаптарды қамтитын техникалық регламенттердің, стандарттардың және басқа да нормативтік құқықтық актілердің тізбесі.</p>	
<p>Қауымдастық (одақ), қоғамдық ұйым нысанында немесе Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандағы әрекеттегі коммерциялық емес ұйымдардың, оның ішінде соңғы 5 жылда жылдар бойынша бөле отырып, талданатын салада өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізбесі, орналасқан жері</p>	
<p>Әр жұмыс істеп тұрған коммерциялық емес ұйым немесе өзін-өзі реттейтін ұйым бойынша: талдау жүргізу кезінде осындай коммерциялық емес ұйымның құрамына кіретін осындай коммерциялық емес ұйымның, өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері талдау саласындағы нарықта өндірілген тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы санынан өндірілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемі субъектілер санын көрсету қажет</p>	
<p>6.2 Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу арқылы ұсынылатын реттеудің нәтижелілігін болжау</p>	
<p>Реттеу нәтижелігін бағалаудың 5 балдық жүйесі</p> <p>5 – қаралатын саладағы / аядағы қызметтің барлық спектрін қамту қамтамасыз етіледі; қоғам тарапынан өзін-өзі реттейтін ұйымның саланы/аяны реттеуді және белгіленген стандарттар мен ережелердің сақталуын бақылауды дербес қамтамасыз ету қабілетіне сенім байқалады; шағымдар мен қақтығыстарды қарастырудың механизмдері бар; өңірлерде байланыс тізбегі бар.</p> <p>Қарастырылып отырған салада/аяда міндетті мүшелікпен жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар бар.</p> <p>4 – қаралатын саладағы / аядағы қызметтің барлық спектрін қамту қамтамасыз етіледі; қоғам тарапынан өзін-өзі реттейтін ұйымның саланы/аяны реттеуді және белгіленген стандарттар мен ережелердің сақталуын бақылауды дербес қамтамасыз ету қабілетіне сенім байқалады; шағымдар мен қақтығыстарды қарастырудың механизмдері бар; өңірлердегі байланыс жартылай.</p> <p>Қарастырылып отырған салада/аяда міндетті мүшелікпен жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар бар.</p> <p>3 – қаралатын саладағы / аядағы қызметтің барлық спектрін қамту қамтамасыз етіледі; өзін-өзі реттейтін ұйымның саланы/аяны реттеуді дербес қамтамасыз етуі және белгіленген стандарттар мен ережелердің сақталуын бақылау мәселелері қалыптасу сатысында; шағымдар мен қақтығыстарды қарастырудың механизмдері бар; өңірлерде байланыс жоқ.</p> <p>Қарастырылып отырған салада/аяда міндетті мүшелікпен жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар бар.</p> <p>2 – қаралатын саладағы / аядағы қызметтің барлық спектрін қамту жартылай; өзін-өзі реттейтін ұйымның саланы/аяны реттеуді дербес қамтамасыз етуі және белгіленген стандарттар мен ережелердің сақталуын бақылау мәселелері қалыптасу сатысында; шағымдар мен қақтығыстарды қарастырудың механизмдері бар; өңірлерде байланыс жоқ.</p> <p>Қарастырылып отырған салада/аяда міндетті мүшелікпен жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар бар.</p> <p>1 – қаралатын саладағы / аядағы қызметтің қамту жартылай; өзін-өзі реттейтін ұйымның саланы/аяны реттеуді дербес қамтамасыз етуі және белгіленген стандарттар мен ережелердің сақталуын бақылау мәселелері қалыптасу сатысында, шағымдар мен қақтығыстарды қарастырудың механизмдері жоқ; өңірлерде байланыс жоқ.</p>	

Қарастырылып отырған салада/аяда міндетті мүшелігі бар жұмыс істейтін коммерциялық емес ұйымдар бар.

6.3 Нәтижелігі бойынша рейтинг	Нәтижелілік балы (5 балдық жүйе)	Тиісті балл беруді түсіндіру
1-балама Екі және одан көп, нақты саны көрсетіледі ____ _____ (қолданыстағы)		
2-балама Өзін-өзі реттейтін ұйым (мысалы, бірнеше жұмыс істеп тұрған өзін-өзі реттейтін ұйымдарды біріктіре отырып біреуін құру және басқалары).		
6.4 Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның архитектурасы		
Міндетті ӨРҰ мүшелігі: Заңды тұлғалар/жеке тұлғалар		
Кәсіби қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалардың мүшелігін таңдау кезінде, оған сәйкес жеке тұлғаның осы құқығы көзделген нормативтік құқықтық актілер көрсетіледі		

Қолы _____ күні " ____ " _____ 20__ жылғы

1а нысаны. Мемлекеттік органдар үшін реттеуді әкімшілендіруге арналған шығындарды есептеу (монетизация)

Реттегіш құралды және (немесе) талапты пайдалану қандай әрекеттерді көздейді?

Егер реттегіш құрал және (немесе) талап бірнеше мемлекеттік органның жұмысын көздесе, 1-кесте мемлекеттік органды көрсете отырып, олардың әрқайсысы бойынша жеке толтырылады

1-кесте	Жылына жұмыс уақыты шығындарының бағасы (адам күндерді біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)	Жиыны
Есептілікті алу және талдау	x	x
Тексерулер жүргізу	x	x
Рұқсат беру	x	x
Бақылаудың өзге де нысандары (айқындау)	x	x
5 жыл үшін жиыны	x	x

Балама жаңа мемлекеттік органды немесе жұмыс істеп тұрған органның жаңа құрылымдық бөлімшесін құруды көздей ме Иә ____ Жоқ ____ Х__

Егер иә болса-жаңа органның немесе құрылымдық бөлімшенің толық жоспарланған жылдық бюджетін анықтаңыз ____ x5 = _____

1б нысаны. Бизнес үшін шығындарды есептеу (монетизация)

Баламаны пайдалану қандай реттеушілік әрекеттерді көздейді

	Иә	Жок
Өндіріс құралдарына, үй-жайларды, зертханаларды өзгертуге, персоналды оқытуға инвестициялар, өзге де қажетті әкімшілік емес шығындар		
Тәуелсіз сараптамалар, бағалау, қорытындылар үшін үшінші тұлғаларды пайдалану қажеттілігі		
Мемлекетке мерзімді есептілік (немесе есептілікті ұлғайту)		
Мамандандырылған мемлекеттік тексерулердің субъектісі болу (немесе қолданыстағы тексеру режимін немесе санкцияларды қатаңдату)		
Мемлекеттік органдардан анықтамалар мен рұқсаттар алу		-
Басқасы (анықтау)		

Реттеу субъектісі бір орташа статистикалық кәсіпорынға арналған шығындарды есептеу

1-кесте	Бір жолғы инвестициялар	Техникалық қызмет көрсетуге, күтіп-ұстауға арналған шығыстар (жылына)	Жиыны
Өндіріс құралдарына инвестициялар, үй-жайларды, зертханаларды өзгерту, персоналды оқыту		0	0
5 жыл ішіндегі шығыстар	0	0	0
2-кесте	Сараптамалар мен қорытындыларға арналған шығыстар	Үшінші тұлғалардың мерзімді қызмет көрсетуі (жылына)	Жиыны
Тәуелсіз сараптамалар, бағалау, қорытындылар үшін үшінші тұлғаларды пайдалану қажеттілігі			
5 жыл ішіндегі шығыстар			
3-кесте	Мемлекеттік баждар	Жылына жұмыс уақыты шығындарының бағасы (адам күндерін біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)	Жиыны

Мемлекетке мерзімді есеп беру			
5 жыл ішіндегі шығыстар			
4 - кесте	Баға тексерушілермен жұмыс істеуге арналған жұмыс уақытының шығындары (адам күндерін біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)	Жылына ықтималды айыппұл санкциялары (айыппұл бағасы оны салу ықтималдығына көбейтіледі)	Жиыны
Мемлекеттік тексерулер (баламбойынша мамандандырылған)			
5 жыл ішіндегі шығыстар			
5 - кесте	Мемлекеттік баждар, құжаттар үшін басқа да тікелей төлемдер	Оларды алуға арналған жұмыс уақыты шығындарының бағасы (адам күндерін біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)	Жиыны
Рұқсаттарды, өзге де мемлекеттік құж			

атта рды алу				
5 жы л іші нде гі шы ғыс тар				
6-кесте	Өзін-өзі реттейтін ұйымды құруға байланысты шығындар	Өзін-өзі реттейтін ұйым қызметкерлерінің жұмыс уақыты шығындарының бағасы (адамның күндерін біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)	Мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету	Жи ы ны
Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуді енгізуге байланысты шығындар				
5 жыл ішіндегі шығыстар				
7-кесте	Жылына жарналардың сомасы	Сақтандыру компаниясымен шарт жасасуға арналған жұмыс уақыты шығындарының бағасы (адамды күндер біліктілігі бойынша жалақыға көбейту)		Жиыны
Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыруды енгізуге байланысты шығындар				
5 жыл ішіндегі шығыстар				

1-5-кестелердің деректері (5 жыл ішіндегі шығыстар "Жиыны" бағаналарында) _____ теңге қосылады

Осы шама осы баламаның субъектілері болып табылатын кәсіпорындардың (кәсіпкерлік субъектілерінің) санына көбейтіледі _____ теңге

Реттегіш құралдардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірме

Реттеушілік әсерге талдау жүргізу кезінде талдамалық нысан мынадай қадамдар бойынша толтырылады:

1-ҚАДАМ: Проблеманы анықтау және реттеу мақсаттары

Шешім қабылдауды оңтайландыру реттеушілік әсерді талдаудың басты міндеті болып табылады. Реттеу дизайны проблеманы, себеп–салдар байланысын және реттеу субъектілерін анықтаудан басталады.

Мәселенің ауқымын растайтын мәліметтерді жинауға ерекше назар аудару керек.

Деректерді жинау, талдау және бағалау келесі кезеңдерден тұрады:

ақпарат жинауды жоспарлау;

деректердің дұрыстығын талдау;

ақпарат алудың белсенді әдістері: әлеуметтік сауалнамалар, сараптамалық сұхбаттар, қоғамдық пікірталастар.

Бұл ретте ақпарат көздері келесілерден құралуы мүмкін:

ведомстволық статистика деректері;

тәуелсіз зерттеушілермен жүргізілетін зерттеулердің (мониторингтердің) нәтижелері;

ғылыми және талдамалық материалдар;

қоғамдық талқылау барысында алынатын деректер;

ашық дереккөздерде жарияланған сарапшылардың пікірлері;

азаматтар мен кәсіпкерлердің өтініштері (мемлекеттік билік органдарына тікелей өтініштер, бизнес-қауымдастықтарға өтініштер);

бизнес – қауымдастықтардың деректері;

компаниялардың әлеуметтік сауалнамалары мен іріктемелі зерттеулерінің нәтижелері (ашық қолжетімділіктегі ақпарат, билік органдарының тапсырысы бойынша зерттеулер), сараптамалық сұхбаттар;

шетелдік ұйымдар мен авторлардың талдамалық және ғылыми материалдары.

Проблемаларды анықтау және мақсат қою кезінде мемлекеттік интервенция нәтиже емес, өнім екенін түсіну керек. Өнім нәтижеге әсер етеді, алайда нәтижеге басқа да факторлардың әсер етуі мүмкін. Бұл – бақыланбайтын және әсер етуі мүмкін емес факторлар.

Проблема ағымдағы ахуалдың өзгерістерін көрсете отырып, барынша нақты және қысқа (3 сөйлемнен артық емес) тұжырымдалуы тиіс. Бұл ретте реттеуші ұсынған реттеу әсер ететін мақсатты топты ескеру қажет.

Проблеманы белгілеу неғұрлым кең болса, мақсат соғұрлым кең, мақсатқа жете алмау ықтималдығы да соғұрлым жоғары болады. Сондықтан проблеманы шешу кезінде проблеманы себеп-салдар байланысы арқылы тарылту қажет.

Проблеманы себеп-салдар байланысы арқылы анықтаған кезде мыналарды ескеру қажет:

зиян келтіру жағдайлары, зиянды өтеу проблемалары туралы деректердің болуы;
келтірілген зиянның мөлшері туралы деректердің болуы (ақшалай мәнде);

азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің, қолданыстағы заңнаманың бұзылуының болуы (бұзушылықтардың саны, бұзушылықтардың санаттары);

іс-әрекеттерді, функцияларды орындаудың мүмкін еместігі туралы деректердің, оның ішінде шығындарды, жіберіп алған пайданы, тауарлар мен қызметтердің белгілі бір түрлерін өндірудің және т. б. деректері мен бағалауының болуы;

құқықтық сипаттағы мәліметтер, оның ішінде қолданыстағы нормативтік құқықтық базаның толықтығы мен сәйкестігін бағалау;

мүдделі тұлғалар мен сарапшылардың проблеманың болу себептері туралы пікірлерін қамтитын ақпарат;

проблеманың адамдардың белгілі бір топтарына әсерін растайтын деректердің болуы.

Реттеу мақсаттары қойылған проблемаға сәйкес келуі және реттеуді енгізу жолымен қол жеткізу жоспарланатын сандық көрсеткіштерді қамтуы тиіс.

Реттеу мақсаттары қағидаттарды ескере отырып айқындалады:

нақты, өлшенетін, қол жетімді, шыншыл, икемді және/немесе уақыт бойынша анықталған.

Дұрыс қойылған мәселе нақты мақсаттарды анықтауға және оны шешудің ұтымды жолдарын табуға мүмкіндік береді.

2-ҚАДАМ: Реттеуді анықтау

Туындаған проблеманы шешу мүмкін болатын реттегіш құралдар және (немесе) енгізуге ұсынылатын талаптар таңдалады. Олар таңдауды негіздеу үшін реттеушілік әсерді талдау процесінде ескеріледі.

Осы Қағидалардың 2-параграфының 9-тармағына сәйкес талап енгізілген жағдайда, алып тасталатын талапты осы талаптар шеңберінде көрсетілген құқықтық актінің деректемелерін көрсете отырып, тиімсіздіктің белгіленген өлшемшарттары шеңберінде реттеу мақсатын және алып тастау себептерін көрсете отырып сипаттау қажет.

3-ҚАДАМ: Іске асыру механизмдері және ықтимал тәуекелдер

Реттеушілік әсерді талдауды әзірлеуші әсер етудің тікелей де, жанама да болуы мүмкін абайсызда жасалған әсерлерін ескере отырып, реттегіш құралды және (немесе) талапты қолданудан болуы мүмкін тәуекелдерді айқындауы қажет.

Сондай-ақ реттегіш құралды және (немесе) талапты іске асырудың мерзімдері мен кезеңдерін ескере отырып, оны іске асыру тетігін сипаттау маңызды.

4-ҚАДАМ: Пайда мен шығыстарды салыстырмалы талдау.

Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың пайдасы мен шығындарын талдау рөл атқарады. Реттеушілік әсерді талдауды әзірлеуші тікелей де, жанама да әсерді ескере отырып, реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қолданудан түсетін пайдалар мен шығындарды айқындауы қажет.

Реттегіш құралдар және (немесе) талаптар кәсіпкерлерге, тұтынушыларға, жұмыскерлерге, басқа да әлеуметтік топтарға, тұтастай экономикаға, тұтастай қоғамға және мемлекетке әсер етуі мүмкін.

Шығындарды есептеу кезінде әзірлеуші статистикалық деректер негізінде келесі пайданы / шығындарды міндетті түрде есептеуі маңызды:

өндіріс көлемі (қуаты) ;

кәсіпорын қызметкерлерінің саны;

жылдық орташа табыс;

салықтық түсімдер көлемі;

кәсіпорындар (шағын, орта және ірі бизнес) қызметкерлерінің жалақысы;

мемлекеттік сатып алудағы шағын және орта бизнестің үлесі;

нақты және ақшалай мәндегі экспорт көлемі және басқалары.

Шығындардың ауқымын бағалау немесе басқаша айтқанда, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қанша санына осы реттеуді сақтау қажет және бұл ретте олар қандай шығындарға (өндіріс құралдарына инвестициялар, үй-жайларды, зертханаларды өзгерту, персоналды оқыту, өзге де қажетті әкімшілік емес шығындар) ұшырайды деген сұраққа жауап беру.

Мысалы, мемлекетке мерзімді есептілікті ұсыну немесе есептілікті ұлғайту бойынша шығындарды есептеу кезінде барлық болжамды шығындарды, оның ішінде есептілікті электрондық түрде ұсынған жағдайда есептерді дайындау үшін қажетті бағдарламалық жасақтаманы сатып алу бойынша шығындарды ұсыну қажет. Бақылау іс-шараларын жүргізуге шығындар болған жағдайда бақылаудың қандай нысаны енгізілетінін және бақылау нысанына байланысты тексерушілермен жұмыс істеу үшін жұмыс уақытының шығындары, ықтимал айыппұлдар есептелуі керек екенін көрсету керек.

Сондай-ақ шағын орта және ірі бизнеске ықпал етудің барабарлығын ескере отырып, ұсынылып отырған реттегіш құрал және (немесе) талап жеке кәсіпкерлік субъектісінің коммерциялық қызметін жекелеген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды айқындау, жұмыс сағаттарын, үй-жайдың мөлшерін және өзгелерін белгілеу сияқты тыйым салу немесе шаралар арқылы шектей ме, шығасылардың салыстырмалы әсерін қарау қажет.

Бизнестің пайдасы мен шығындарын есептеуге арналған формулалардың мысалдары:

- өндірістік мақсаттарға ресурстарды жұмсау:

$P_m = S N_{mi} K_m (Q_i + Q_{mi})$ - мұндағы P_m - ресурстың m -ші түріне қажеттілік; N_{mi} - өнімнің i -ші түрінің бірлігіне ресурстың m -ші түрінің шығыс нормасы; K_m – талдау барысында анықталған ресурстардың i -ші түрінің базалық шығыс нормаларын төмендету резерві; Q_i – өнімнің i -ші түрін өндірудің жоспарлы көлемі; Q_{mi} – аяқталмаған өндірістегі i -ші өнім санының жоспарлы өсімі.

Материалдық шығындарды төмендетуден үнемдеу:

$$\Delta M = (P_0 - P_1) B K_1$$

мұнда P_0 және P_1 – реттеу енгізілгенге дейін және енгізілгеннен кейін өнім (көрсетілетін қызмет) бірлігін өндіруге арналған ресурстар шығысы; B – ресурстар бірлігінің бағасы; K_1 - реттеу енгізілген кезден бастап шығарылатын өнім бірліктерінің саны.

Еңбекке ақы төлеу шығындарын үнемдеу:

$$\Delta T = (T_0 - T_1) K_1 + B/100 + K_n Z_m$$

мұндағы T_0 және T_1 - қалыпты сағаттардағы өнім бірлігінің еңбек сыйымдылығы; T_0 және T_1 - қызметкерлердің орташа сағаттық тарифтік мөлшерлемесі; B – жалпы сомадағы қосымша жалақының үлесі (%-бен); K_1 – өнім бірліктерінің саны; K_n – босатылатын қызметкерлердің саны; Z_m - олардың жалақысы.

Алынған шама саладағы реттеу субъектілері болып табылатын шағын, орта және ірі бизнес субъектілерінің санына көбейтіледі.

Сондай-ақ есептеулерді 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1128 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітілген кәсіпкерлік субъектілері жұмыскерлерінің жылдық орташа санын және жылдық орташа табысын есептеу қағидаларына сәйкес жүргізуге болады.

Пайда реттегіш құралды және (немесе) талапты қолдану нәтижесінде халықтың әл-ауқатын жақсарту түрінде айқындалады. Сонымен қатар, мемлекеттік саясатты іске асыру нәтижесінде болдырмауға болатын шығындар да пайда болып саналады.

Сондай-ақ мемлекет пен қоғам үшін пайдаларда реттегіш құралды және (немесе) талапты енгізгенге дейін және одан кейін мемлекеттік бюджетке салық түсімдерінің көлемін көрсетіңіз.

Егер реттегіш құрал және (немесе) талап жаңа мемлекеттік органды не жұмыс істеп тұрған органның жаңа құрылымдық бөлімшесін құруды көздесе, жаңа органның немесе құрылымдық бөлімшенің толық жоспарланған жылдық бюджетін айқындау қажет.

5-ҚАДАМ: Бағалау және мониторинг индикаторлары

Реттеушілік әсерге талдау жүргізудегі маңызды кезең - бағалау индикаторларын айқындау. Реттеу мақсаттарына қол жеткізуді мониторингтеу процесі бағалау

индикаторларының қаншалықты дұрыс анықталғанына байланысты болады. Бұл ретте мақсаттарға қол жеткізуді өлшеу мерзімділігіне назар аудару керек.

Индикатор өлшенетін шама болып табылады. Индикаторлар, әдетте реттеуді орындаудағы проблемаларды, міндеттерді немесе шығындарды өлшейтін деректерге негізделеді. Әрбір ұсынылатын реттегіш құрал және (немесе) талап бойынша міндеттер мен шығындар бойынша индикаторлардың аз санын іріктеу өте маңызды. Осы индикаторлар реттегіш құралдың және (немесе) талаптың негізгі мәнін және оның неғұрлым елеулі әсерін көрсетуі, қолжетімді және кезең-кезеңімен өлшенетін болуы қажет.

Бағалау индикаторларының жалпы түрлері:

сандық индикаторлар: олар белгіленген сандық мәндерде тікелей өлшеу арқылы көрсетіледі (мысалы, бір жылдағы созылмалы респираторлық аурулардың салдарынан болатын өлім саны);

сапалық индикаторлар: олар жанама өлшенетін аспектілер арқылы көрсетіледі, мысалы, көзқарастар, бір нәрсе туралы болжамдар (мысалы, әлеуметтік сауалнама деректері);

тікелей индикаторлар: олар тапсырмалар мен шығындарға қатысты айнымалыларды тікелей өлшейді;

жанама индикаторлар: егер тікелей айнымалы мәнді өлшеу өте қиын болса, егер мұндай өлшеу айтарлықтай шығындарды, уақытты немесе күрделі есептеулерді қажет етсе, олар тікелей айнымалы алмастырғышты өлшейді.

6-ҚАДАМ: Өзін-өзі реттеуді енгізу.

Олар арқылы мәселені шешуге болатын кем дегенде 2 балама таңдалады. Олар проблеманы шешу үшін ең жақсы болып табылатын баламаны таңдауды негіздеу үшін реттеушілік әсерді талдау процесінде ескеріледі.

Міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеу енгізілетін саланың өзін-өзі ұйымдастыру дәрежесін талдау нарықтың дайындық дәрежесін міндетті түрде ескере отырып жүргізіледі. Ол үшін Ұлттық кәсіпкерлер палатасының нарықтың міндетті өзін-өзі реттеуді енгізуге дайындығы туралы қорытындысын (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес) қоса беру қажет.

7-ҚАДАМ: Заңды жауапкершілікті енгізу.

Бұл қадам заңдық жауапкершілік енгізілген немесе қолданыстағы заңдық жауапкершілік Қазақстан Республикасының заңнамасының қолданыстағы міндетті талаптарына қатаңдатылған жағдайларда толтырылады.

8-ҚАДАМ: Қоғамдық талқылаулар.

Реттеушілік әсерге талдау жүргізу кезіндегі маңызды кезең. Әзірлеуші осы қадамды толтыруға міндетті, бұдан басқа, әрбір айқындама бойынша реттеуші мемлекеттік

органның /әзірлеуші органның тиісті шешімімен алынған түсініктемелердің, ескертулер мен ұсыныстардың кестесін, интернет-ресурстағы қоғамдық талқылаулардың хаттамасын және (немесе) қорытындыларын қоса беру қажет.

Реттегіш құралдардың және
(немесе) талаптардың
реттеушілік әсерін талдауды
жүргізу және пайдалану
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қоғамдық талқылаулар өткізу туралы есеп

1.	Қоғамдық талқылау: олардың өткізілуі туралы хабардар ету күнін, қоғамдық талқылаулардың басталу күнін көрсетіңіз	
2.	Қоғамдық талқылауды өткізу тәсілі (онлайн талқылау, форумдар, кеңестер, сұрау және т.б. арқылы). Кеңестер, дөңгелек үстелдер, форумдар, сұрау және басқа да іс-шаралар өткізу кезінде өткізілген күні мен қатысқан адамдардың санын көрсету қажет.	
3.	Талқылау кіммен өткізілді (барлық ұйымдарды, оның ішінде мемлекеттік органдарды, қауымдастықтарды, кәсіпкерлерді, қоғамдық бірлестіктерді және басқаларды көрсету).	
4.	Алынған пікірлер, ескертулер мен ұсыныстар	Әрбір ұстаным бойынша реттеуші мемлекеттік органның /әзірлеуші органның тиісті шешімімен алынған түсініктемелердің, ескертулер мен ұсыныстардың кестесін, интернет-ресурстағы қоғамдық талқылаулардың хаттамасын және (немесе) қорытындыларын қоса беру қажет

Реттегіш құралдардың және
(немесе) талаптардың
реттеушілік әсерін талдауды
жүргізу және пайдалану
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік органдардың қолданыстағы реттегіш құралдарын қайта қарау жоспары

--	--	--	--	--	--	--

№ р/с	Талаптың атауы	Нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементіне сілтеме	Осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес өлшемшартта р	Жауапты құрылымдық бөлімше	Уәкілетті органға реттеушілік әсерді талдау рәсімінің нәтижелерін енгізу мерзімдері	Негіздеме

Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдауды жүргізу және пайдалану қағидаларына 6-қосымша Нысан

Қайта қарау тәртібімен реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қамтитын реттегіш актілердің реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысаны

Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың атауы		
1-ҚАДАМ: Бағалау және мониторинг индикаторлары:		
1.1. Реттегіш құрал және (немесе) талап шешетін мәселені сипаттаңыз		
1.2. Қолданыстағы реттеулер үшін-осы реттеуді іске қосқаннан кейін мәселенің өзгеру ауқымын көрсететін деректер бар ма?	Жоқ ___ Иә ___ (оларды сипаттаңыз және олардың шамаларын келтіріңіз)	
	Мәлімделген индикаторлар	Нақты
	1-индикатор	1-индикатор
	2-индикатор	2-индикатор
	3-индикатор	3-индикатор
	4-индикатор	4-индикатор
1.3. Нысаналы топ		
1.4. Қолданыстағы реттеулер үшін-реттеудің мақсаты қандай болды?		
1.5. Мониторинг жүргізу әдістерін көрсетіңіз (мемлекеттік статистика немесе ведомстволық деректер базасында статистикалық талдау, әлеуметтік сұраулар, сараптамалық сұхбат)		
2-ҚАДАМ: Реттегіш құралдың және (немесе) талаптың әсерін айқындау		
2.1. Жалпы қоғамға және халыққа әсері Экономикалық жүйенің келесі элементтерін ескере отырып, жалпы алғанда, экономикалық жүйеге әсер еткен кезде әр реттегіш құралдың және (немесе) талаптың пайдасы мен шығындарының сипаттамасын еркін нысанда жүргізіңіз:		
1. Халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне (экономикалықты қоса алғанда) әсері (халықтың табыстары мен шығыстары, өмір сүру ұзақтығы, кедейлік деңгейі)		
2. Экологияға әсері.		

3. Тұтынушы таңдауының өзгеруі.

4. Бөлшек сауда бағаларының өзгеруі.

5. Басқасы

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1а нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз

Қолданыстағы реттегіш құрал / талап

Пайда		Пайда	
Енгізгенге дейін	Енгізгенге дейін	Енгізгенге дейін	Енгізгенге дейін

2.2. Бизнеске әсері

Бизнеске әсері

Мыналарды міндетті түрде ескере отырып, еркін нысанда әр реттегіш құралдың пайдасы мен шығыстарының сипаттамасын және (немесе) оның бизнеске әсер етуі кезінде қойылатын талаптарын жүргізіңіз:

Кәсіпорындардың өнімділігі мен бәсекеге қабілеттілігіне әсер ету, кәсіпорындардың кірістілігі мен тұрақтылығына, оның ішінде инновациялар мен дамуына әсер ету және басқалары.

Бұл ретте, мынадай көрсеткіштер (болжамды) бойынша есеп жүргізу қажет:

өнімді өндіру көлемі;

ресурстарға арналған шығындар;

кәсіпорын қызметкерлерінің саны;

орташа жылдық табыс;

салық аударымдары;

кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысы;

мемлекеттік сатып алудағы шағын және орта бизнестің үлесі;

экспорт;

басқа.

"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1б нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз

Қолданыстағы реттегіш құрал / талап

	Пайда		Шығасылар	
	Енгізгенге дейін	Енгізгеннен кейін	Енгізгенге дейін	Енгізгеннен кейін
Шағын бизнес субъектілері				
Орта бизнес субъектілері				
Ірі бизнес субъектілері				

2.3 Мемлекеттік билік органдарына және экономикалық жүйеге әсерін тигізу

Міндетті түрде мыналарды ескере отырып, әр реттегіш құралдың және (немесе) оның мемлекеттік билік органдарына және жалпы қоғамға әсер етуі кезіндегі талаптардың пайдасы мен шығыстарының сипаттамасын еркін нысанда жазып алыңыз:

1. Елдің бюджетіне әсерін ескере отырып (салық түсімдерінің өсуі)

2. Экономикалық, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қоса алғанда, қылмысқа ықпалын ескере отырып.

3. Тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалуына, сондай-ақ халықаралық саудаға және халықаралық инвестициялық ағымдарға ықпалын ескере отырып.

4. Экономикалық өсуге арналған жалпы салдары

5. Жұмыспен қамтуға, жұмыс орындарына әсері

6. Экономика салаларына және басқасына жанама әсер

7. Басқасы.			
"Реттегіш құралдардың және (немесе) талаптардың реттеушілік әсерін талдаудың талдамалық нысанын толтыру жөніндегі түсіндірмедегі" ұсынымдарға сәйкес және 1а нысаны бойынша бизнес үшін шығасыларды монетизациялаңыз және есептеңіз			
Қолданыстағы реттегіш құрал / талап			
Пайда		Шығасылар	
Енгізгенге дейін	Енгізгеннен кейін	Енгізгенге дейін	Енгізгеннен кейін
3-ҚАДАМ: Реттегіш құралды және (немесе) талапты қайта қарау қорытындылары			
Жүргізілген талдауды ескере отырып, индикаторларды көрсетіңіз			
Осы индикаторларды цифрлық өлшемде көрсетіңіз			
Мониторинг жүргізу әдістерін көрсетіңіз (мемлекеттік статистикалық немесе ведомстволық деректер базасында статистикалық талдау, әлеуметтік сұраулар, сараптамалық сұхбат және т. б.)			
Енгізуге ұсынылатын реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды қайта қараудың ұсынылатын мерзімі			

Реттегіш құралдардың
және (немесе) талаптардың
реттеушілік әсерін талдауды
жүргізу және пайдалану
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Жаңа реттегіш құралдарды және (немесе) талаптарды енгізу немесе реттеуді қатаңдату кезінде реттеушілік әсерді талдау рәсімдерін сақтау туралы қорытынды

	Уәкілетті орган толтырады
Бағалаудың жалпы параметрлері	
Реттеушілік әсерді талдауды қоғамдық талқылау жүргізілді	Жоқ ___ Иә ___, "___" _____ 20__ жылғы
Реттеушілік әсерді талдауды әзірлеуде бір немесе бірнеше стандартты қадамдардың болмауы	Жоқ ___ Иә ___ (қадамдар көрсетіледі)
Бастапқы деректер немесе олардың дереккөздеріне тиісті сілтемелер жоқ	Жоқ ___ Иә ___ (реттеушілік әсерді талдаудың қадамдары мен бөліктері көрсетіледі)
Реттеушілік әсерді талдау бөліктерін бағалау	
Мәселе және проблеманың себептері анықталды ма	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер
Проблеманың болу фактісін дәлелдейтін және оның ауқымын көрсететін деректер келтірілді ме	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер

Реттеу мақсаты кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің негізгі мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келе ме? Ол мәселені анықтаумен сәйкес келе ме?	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер
Деректердің жоспарланған өзгеруі және осы өзгерістердің уақыт шеңбері ұсынылды ма	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер
Ұсынылып отырған реттеуді бағалау және мониторинг индикаторлары айқындалды ма	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер
Қайта қарау мерзімі анықталды ма	Жоқ ___ Иә ___ Түсініктемелер
Түсініктемелер, ескертулер мен ұсыныстар	

Қорытынды: Қолы _____ күні " ____ " _____ 20__ жылғы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК